

**"Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Шемонаиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 шілдедегі № 21/6-V шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2017 жылғы 6 мамырдағы № 12/3-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 маусымда № 5061 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 38/4-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 04.04.2019 № 38/4-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6- бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Шемонаиха аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Шемонаиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 шілдедегі № 21/6-V шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3453 болып тіркелген, "Уба-Информ" газетінің 2014 жылғы 20 тамыздағы № 34 жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

1-тармақта:

мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;"

тармақша 1-1) тармақша болып есептелсін;

8) тармақша алып тасталсын;

10-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"10. Амбулаториялық емделудегі туберкулездің белсенді түрімен ауыратын, азаматтарға жолақысына және қосымша тамақтануына – ай сайын 6 (алты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетіледі."

11-тармақтың 4) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі - 1 мамыр - 1, 2-топтағы көруі бойынша мүгедектерге - 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;"

12-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"12. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша Шемонаиха ауданының әкімі бекітетін тізімдер бойынша көрсетіледі;"

24-тармақ алып тасталсын.

Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*

*Шемонаиха аудандық*

*мәслихатының хатшысы*

*Г. Андропова*

*А. Боровикова*